

Абылқасымова А. Ш., Ғылыми-зерттеу институтының ішкі істер органдарының әкімшілік қызметі және басқару мәселелерін зерттеу жөніндегі орталығының аға ғылыми қызметкері, полиция подполковнигі

(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, Қазақстан Республикасы Қарағанды қ.)

Әйелдердің қоғамдағы мәртебесі және оларды зорлық-зомбылықтан қорғаудың құқықтық механизмдерін жетілдірудің жолдары

Аннотация. Бұл мақалада әйелдерге қатысты жасалатын түрлі зорлық-зомбылықтар жөніндегі мәселелер қарастырылған және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 1097 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау жөніндегі бөлімшелерінің жұмысын ұйымдастыру жөніндегі қағидаларға енгізу үшін ұсыныстар берілген.

Түйін сөздер: ана, әйел, әйелдерге өатысты зорлық-зомбылық, әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау бөліністерінің қызметі.

Егеменді еліміздің конституциялық құрылысын белгілейтін Негізгі заңымыздың он төртінші бабына сәйкес жұрттың бәрі тең, оның ішінде жынысына байланысты ешкімді ешқандай кемсітуге болмайтындығы бәрімізге белгілі. Сол себептен біздің әлеуметтік қоғамымызда тіршіліктің тірегі — әйел теңдігі басты рөл атқарады.

Конституциямыздың қайнар көздері болып табылатын әдеп-ғұрып пен салт-дәстүрлерде атап өтілгендей, қазіргі қоғамымызда орын алатын үлкенге ізет, кішіге қамқорлық қағидаларын әр уақытта кездестіруге болады. Оның негізгі буыны ана мен бала. «Жұмақ ананың табанының астында» деген ұғым біздің қоғамымызда кеңінен сіңірілген. Сондықтан, ана затына деген зор құрмет тіршіліктің тірегі болып саналатынын бәріміз білеміз. Ауыз әдебиетінен жеткен «Ата көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер», «Гүл өссе, жердің көркі, қыз өссе, елдің көркі» деген кең тараған мақал-мәтелдерді де жастарымыздың бойына бала кезден сіңіріп келе жатқан елміз.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алған жылдардан бері Елбасымыз басқа да басым бағыттармен қатар аналарға, балаларға үнемі және ерекше көңіл бөлуде. Бүгінде әйелдер отбасының тұтқасы болумен қатар қоғам мен мемлекеттің көркі болып табылады және ел экономикасының дамуына, саясатқа, білім мен ғылымға, медицина саласына аянбай өз үлестерін қосуда. Дегенмен, соған қарамастан, «әлем мен бесікті қатар тербеген», шаңырағына шаттық сыйлайтын нәзік жандардың көңілдеріне қаяу салатын түрлі зорлық-зомбылықтардың орын алуы да кездесіп отырғанын жасыра алмаймыз.

Әйелдерге қарсы жасалатын зорлық-зомбылықтардың алдын алу, олардың конституциялық құқықтарын, бостандықтарын, заңды мүдделерін құқыққа қайшы әрекеттерден қорғауды қамтамасыз ету аналарды әлеуметтік қорғаудың негізгі бағыттарының бірі болып табылады. Оларды құқықтық қорғаудың механизмдері халықаралық және мемлекет қабылдап жатқан бағдарламалық құжаттар мен нормативтік актілерде белгіленген. 1998 жылы 29 маусымда еліміз әйелдерге байланысты кемсідудің барлық түрін жою жөніндегі Біріккен Ұлттар Ұйымының Конвенциясына қосылды. Сөйтіп, өзіне әйелдерді кемсідудің барлық түрінен қорғауға міндеттеме алды. Сол жылы Қазақстан Республикасы Президентінің бастамасымен әйелдер және отбасы істері жөніндегі Ұлттық Комиссия құрылды. Елбасымыз Ұлттық комиссия қызметінің: әйелдердің саяси және экономикалық тұрғыдан алға басуы, әйелдердің және олардың отбасының денсаулығын жақсарту, сондай-ақ, әйелдерге қатысты кемсідудің барлық түрін жою жөніндегі негізгі бағыттарын анықтап берді.

Осыған орай Үкіметіміздің 2003 жылғы 27 қарашадағы № 1190 қаулысымен Қазақстан Республикасындағы Гендерлік саясат тұжырымдамасы мақұлданды.

Гендерлік теңдіктің негізгі бағыттары Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 29 қарашадағы Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының «2006–2016 жылдарға арналған Гендерлік теңдік стратегиясында» белгіленді.

Елбасымыз Н. Ә. Назарбаев «Қазақстан — 2050: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Стратегиялық бағдарламасында еліміздің халқының басым көпшілігін құрайтын бөлігін зорлық-зомбылықтан қорғау — қоғамымыздың алдында тұрған міндет болып табылатынына баса назар аударды. Сонымен бірге: «Мені отбасында әйелдер мен балаларға тұрмыстық зорлық-зомбылық көрсету жайттарының көбеюі алаңдатады. Әйелді құрметтемеу деген болмау керек. Бірден айтайын, ондай зорлық-зомбылықтың жолы қатаң түрде кесілуі тиіс» [i] деген нақты тапсырманы алға қойды.

Себебі, сарапшылардың пікірінше, әлемде жыл сайын 5 мың әйел өз отбасы мүшелерінің қолынан қаза табады екен. Ал елімізде жылына 500 әйел тұрмыстық зорлық-зомбылықтың салдарынан құрбан болады. Облыстық ішкі істер департаменті мамандарының айтуынша, жыл сайын Ақтөбеде отбасы қысымына байланысты 3 әйел мәңгілікке көз жұмады [ii].

Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, ағымдағы жылдың бірінші тоқсанында әйелдерге қатысты жасалған 16637 қылмыстық құқық бұзушылық тіркелген. Бір ғана Қарағанды облысы бойынша мәліметтерге үнілсек, ақпараттар есебінің кітабы бойынша ағымдағы жылғы үш айда әйелдерге қатысты 6038 қылмыстық құқық бұзушылық тіркелген. Оның ішінде кісі өлімі — 4, өз-өзіне қол жұмсауға жеткізу — 60, денсаулыққа қасақана ауыр дене жарақатын келтіру — 13, денсаулыққа қасақана орташа дене жарақатын келтіру — 90, денсаулыққа қасақана жеңіл дене жарақатын келтіру — 2, зорлау — 44, тонау — 138, қарақшылық шабуылдар — 12 сотқа дейінгі тергеудің бірыңғай реестріне тіркелген. Бұл, әрине, оның алдын алудағы жұмыстарды үнемі жетілдіріп отыруды қажет ететін, ел өміріндегі және құқық қорғау органдары қызметіндегі өзекті мәселе болып табылатындықтан, аталған бағытта зерттеу жүргізудің теориялық және тәжірибелік көзқарас тұрғысынан алатын орны зор. Сондықтан мемлекеттік органдардың, оның ішінде Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының әйелдерді зорлық зомбылықтан қорғауды қамтамасыз ету бойынша қызметін ұйымдастыру мен құқықтық реттелуін жетілдіру бойынша нақты әдістемелік ұсынымдарды әзірлеуге ерекше мән берілуде және ІІО-ның тәжірибелік қызметкерлерінің пікірлері мұқият ескеріле отырып ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілуде.

Бұл саланы зерттеуде және оның алдын алуға өздерінің ғылыми-зерттеу жұмыстарында бірқатар ізденістер танытқан отандық ғалымдар бар, атап өтсек олар: С.З. Зиманов, С.С. Сартаев, Ғ.С. Сапарғалиев, Е.И. Қайыржанов, Е.О. Алауханов, С.М. Сапаралиева, С.А. Балтабаев және т. б. танымал ғалымдар мен ізденушілер. Сонымен бірге Қарағанды академиясының Ғылыми-зерттеу институтының ғылыми қызметкерлері де «Әйелдер мен балаларды зорлық-зомбылықтан қорғауды қамтамасыз ету мәселелері» атты тақырыпта әрі қарай зерттеу жүргізуді жалғастыруда.

Зерттеу жүргізу барысында статистикалық мәліметтерді зерделеу және әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықтың жасалуына мүмкіндік туғызатын себептер мен жағдайларды талдау нәтижесі, әйелдерге қатысты құқық бұзушылықтар негізінен көшелер мен қоғамдық орындарда, үй манайында, үйде кезкелген уақытта жасалатынын және олардың білім дәрежесіне, ұлтына, жасына байланысты емес екенін көрсетеді.

Жекелеп алғанда, меншікке қарсы, яғни ұрлық, тонау, алаяқтық, қарақшылық шабуылдар сияқты қылмыстық құқық бұзушылықтардың негізгі құрбандары жеке кәсіпкерлікпен айналысатындар және өте сенгіш, аңғал жандар болып табылады. Қылмыстық құқық бұзушылықтардың бұл түрлері қаскөйлік пиғылдан, қоғамның жекелеген бөлігінде әлеуметтік-экономикалық өмірдің нашарлауынан, кәсіпкерлік қызметте пайда болған мәселелерден әсіресе, жұмыссыздықтың салдарынан туындайтын болса, ал отбасында жасалатын жеке тұлғаға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар мен теріс қылықтардың көбі негізінен ұрыс-керістің, өзара түсініспеушіліктің, араққа

салынудың, нашақорлық заттарды пайдаланудың, кейбіреулері бірлесіп арақ ішудің салдарынан болатынын көрсетіп отыр. Отбасы мәселесіне бөгде біреудің немесе туысқандарының араласып, сүттей ұйыған жанұяның шырқын бұзу фактілері де кездесуде. Өкінішке орай, көптеген әйелдер зорлық-зомбылық көріп отырғандары жөнінде дер кезінде құқық қорғау органдарына шағымданбайды, тіпті туысқандары мен көршілеріне айтудың өзін ұят деп санайды. Отбасындағы жанжалдың аяғы кейде қайғылы жағдайға әкеліп соғатынын әйел де, еркек те түсіне бермейді. Барлық жағдайларда зорлық-зомбылықтың куәсі балалар болғандықтан, осындай кикілжіңдер салдарынан бала психикасы зардап шегеді.

Сол себепті қалыпты өмір ырғағын бұзатын жағымсыз әрекеттерге заңмен тосқауыл қойылатынын әркімнің білуі маңызды. Құқық қорғау органдарында мұндай құқыққа қайшы әрекеттерге қарсы күрес жүргізетін арнайы бөліністер қызмет атқарады.

Президентіміздің тікелей нұсқауымен 1999 жылы 19 ақпанда Ішкі істер министрлігінде әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау жөніндегі бөлімше (бұдан әрі — ӘЗҚБ) құрылды. Яғни, біздің еліміз посткеңестік дәуірден ішкі істер органдары саласында әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау жөніндегі арнайы қызмет бөлімшелері бар тұңғыш құқықтық мемлекет болып табылады. Бүгінгі күні олар Қазақстан Республикасы ішкі істер органдары жергілікті полиция қызметінің құрамында қызмет етеді. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 1097 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау жөніндегі бөлімшелерінің жұмысын ұйымдастыру жөніндегі қағидаларға сәйкес, ӘЗҚБ-нің мақсаты — әйелдердің құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғау, сондай-ақ оларға қатысты құқық бұзушылықтар деңгейін төмендету болып табылады [iii].

Лауазымдық нұсқаулыққа сәйкес, Жергілікті полиция қызметінің ішкі істер органдарының әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау жөніндегі жұмысын ұйымдастыру тобы инспекторларының міндеттеріне: консультативтік-құқықтық көмек көрсету үшін зорлық-зомбылықтың әр түріне тап болған және өмірдің қиын жағдайына қалған әйелдерді қабылдауды жүргізу кіреді. Алайда, ӘЗҚБ-нің қызметін реттейтін Қазақстан Республикасы ІІМ-нің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 1097 бұйрығымен бекітілген қағидаларда бұл қызметтің ешқандай міндеті қарастырылмаған. Сондай-ақ, зорлық-зомбылықтың әр түріне тап болған және өмірдің қиын жағдайына қалған әйелдерді қабылдауды жүзеге асыру ӘЗҚБ қызметінің маңызды бөлігі болып табылады. Жәбір көрген әйелдерді қабылдауды жүзеге асырылмаған жағдайда бұл қызметті тиімді ұйымдастыру мүмкін емес.

Қағидалардың 2-тармағында әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау жөніндегі бөліністерінің қызметін ұйымдастыру тәртібі мен мақсаты белгіленген.

3-тармақта Ішкі істер органдарының әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау жөніндегі жұмысын ұйымдастыру жөніндегі бөліністердің қандай іс-шараларды жүзеге асыратыны көзделген.

Қағидаларда қызметтің міндеттері жөнінде ештеңе көрсетілмегеніне қарамастан, оның 5-тармағына назар салсақ: «қойылған міндеттерді іске асыру кезінде әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау жөніндегі бөліністердің қызметкерлері...әзірлеуге қатысады» деп көрсетілуі түсініксіздік тудырады. Сол себептен қағидалардың 3-тармағы ӘЗҚБ қызметінің міндетіне жақын болғандықтан, Қазақстан Республикасы ІІМ-нің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 1097 бұйрығымен бекітілген қағидаларды келесі редакцияда «консультативтік-құқықтық көмек көрсету үшін зорлық-зомбылықтың әр түріне тап болған және өмірдің қиын жағдайына қалған әйелдерді қабылдауды жүргізуді жүзеге асырады» деген тармақшамен толықтыруды ұсынамыз.

Сонымен қатар, бүгінгі күні жаңа құқық қорғау институты болып табылатын, жергілікті қоғамдастық пен әкімшілікке тікелей есеп беретін жергілікті полиция қызметінің құрамындағы бұл ӘЗҚБ қызметінің тиімділігін арттыру үшін дұрыс маман таңдаудың да

маңызы ерекше. Аталған қызметке заңгерлік жоғары білімі болуымен қатар, ішкі істер органдарындағы еңбек өтілі бес жылдан кем емес, өмірді түсінетін, отбасын құрған қызметкерлер қабылданса, нұр үстіне нұр болар еді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

i. «Қазақстан-2050» стратегиясы-қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы // Егемен Қазақстан. 2012. 15 желтоқсан.

ii. Әйелге айқайлау да қылмыс...// <http://www.aktobegazeti.kz>

iii. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 1097 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау жөніндегі бөлімшелерінің жұмысын ұйымдастыру жөніндегі қағидалар // www.mvd.gov.kz

Резюме

В статье рассматриваются различные виды насилия в отношении женщин, даны предложения по организации работы подразделений органов внутренних дел Республики Казахстан по защите женщин от насилия в соответствии с принципами, закрепленными Приказом Министра внутренних дел Республики Казахстан № 1097 от 29 декабря 2015 года.

Resume

This article addresses questions about the various types of committed violence against women and present a proposal for the principles of the organization of the departments of internal affairs of the Republic of Kazakhstan on protection of women from violence, embodied by the Order of the Minister of Internal Affairs of the Republic of Kazakhstan №1097 of December 29, 2015.